

БЕКІТІЛДІ

**«Рудный индустриялық университеті»
КЕАҚ**

**Директорлар кеңесінің шешімімен
(2024 жылғы 19 сәуірдегі № 3 шешім)**

«Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы- Ректорын іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректорын іріктеу және тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау), академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау рәсімін айқындайды.

2. Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі

2.1 Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері ретінде тиісті саланың уәкілетті органының (бұдан әрі – уәкілетті орган) айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің сайтында және Қоғамның сайтында жариялау;
- Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдау;
- құжаттарды тапсырған адамдарды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
- Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Директорлар кеңесінің отырысында қарау;
- уәкілетті органның Директорлар кеңесі ұсынған конкурсқа қатысу үшін үміткерлер материалдарының толықтығы мен дұрыстығын тексеруі;
- Республикалық комиссия отырысында Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау;
- Басқарма Төрағасы-Ректорды уәкілетті орган Жалғыз акционер ретінде сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдау.

2.2 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

2.3 1-қосымшаға сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің сайтында және Қоғамның сайтында конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

2.4 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының (артықшылық) болуы;

2) білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 10 жыл, оның ішінде кемінде 5 жыл кәсіби тәжірибесі;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуі;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;

5) көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) қазақ және орыс, ағылшын (артықшылық) тілдерін меңгеруі;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн.

2.5 Конкурсқа осы тәртіппен көзделген талаптарға сәйкес келетін шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдірушілер қатысады.

2.6 Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылады:

1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, оның ішінде ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесін, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ ғылыми атағының болуын растайтын құжаттардың (артықшылығы бар) көшірмелері:

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

4) 3-қосымшаға сәйкес нысанда өлшемі 3×4 түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

5) жұмыс орны бойынша (қолданыстағы не соңғы) кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері;

7) Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) көшірмелері (артықшылық);

8) құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды);

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

10) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

11) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

12) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелерін, мінездемелерді, ұсынымдарды, ғылыми жарияланымдарды және білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуді сипаттайтын өзге де мәліметтерді; стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларын меңгергендігін, сондай-ақ көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік сияқты қасиеттердің болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда конкурсқа қатысушылар 8, 9 және 10-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурса қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің қосымша біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне, беделіне және т.б. қатысты қосымша ақпарат бере алады.

Конкурса қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 2.6-тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын (бұдан әрі-дамыту бағдарламасы) осы Тәртіптің 2.3-тармағында айқындалған мерзім ішінде уәкілетті органға ұсынады.

2.7 Үміткер ұсынатын дамыту бағдарламасы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

1) Қоғамның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттердің сақталуына (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) сәйкес Қоғам дамуының 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша миссиясын, пайымын, Қоғам дамуының құндылықтары мен перспективаларын;

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам алдында тұрған және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және олар бойынша шешімдер ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, проблемалар, шешімдердің сабақтастығы);

4) конкурса қатысушы ұсынатын Қоғамды дамыту бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Дамыту бағдарламасы презентация түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспау керек.

2.8 Құжаттарды тапсырған адамдарды конкурса қатысуға жіберу туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды. Барлық құжаттармен бірге конкурса қатысуға жіберілген адамдардың тізімін уәкілетті орган Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына жібереді.

2.9 Конкурса қатысуға келесі тұлғалар жіберілмейді:

1) жиырма бес жасқа толмағандар;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандар;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар;

4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрғандар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар да.

2.10 Конкурса қатысуға жіберілген адамдардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған дамыту бағдарламалары Директорлар кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

2.11 Директорлар кеңесі кандидаттар ұсынған даму бағдарламаларын бағалайды, сондай-ақ олардың келесі критерийлерге сәйкестігін тексереді:

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі;

Қоғамның дамуының негізгі проблемалары мен перспективаларын көрсету (өзектілігі, қоғамның әлеуетімен, ресурстармен үйлесімділігі және оларды пайдалану тиімділігі, тәуекелдерді бағалаудың болуы, сыртқы факторларды есепке алу, индикаторлардың негізділігі мен қол жетімділігі);

Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде қоғамның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі пайымның өзектілігі;

Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.12 Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына үміткерлердің құжаттарын қараған кезде комплаенс-офицер де қатысады, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне үміткерлердің жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауы жөнінде қосымша ақпарат береді. Ақпарат растайтын құжаттармен қорытынды түрінде ресімделеді.

2.13. Кандидаттардың даму бағдарламаларын, сондай-ақ олардың жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған нормаларды сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты (бар болған жағдайда) тыңдау нәтижелері бойынша, оларды ресми теріске шығаруды нақтылай отырып, Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына кандидаттарды ұсыну/ұсынбау туралы шешім қабылдайды.

2.14 Корпоративтік хатшы:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің сайтында және Қоғамның сайтында жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

2)-1 Қоғамның комплаенс-офицеріне қатысушылардың құжаттарын ұсынады;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс арқылы өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыс барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейнежазбаның электрондық жеткізгіште сақталуын қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беруді бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына ұсынылған кандидаттардың сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын уәкілетті органға жібереді.

2.15 конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің ұсынған материалдардың (құжаттар қоса берілген Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын) уәкілетті орган толықтығы мен дұрыстығын тексереді, содан кейін республикалық комиссия мүшелеріне береді.

2.16 Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды болып саналады.

Кандидаттың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.17 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс режимінде (бұдан әрі - БКБ) өткізуге жол беріледі.

2.18 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген жағдайда, БКБ режимінде дауыс беру бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

2.19 егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екеуден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса немесе құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар кеңесі конкурсты өткізілмеген деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

2.20 Жалғыз Акционердің шешімімен Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына лауазымдары Комиссия шешімі қабылданған кезде әрекет ететін мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес мемлекеттік саяси лауазымдарға жатқызылған жағдайда өз өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, кем дегенде алты ай бойы өз өкілеттіктерін орындаған және оларды тоқтатқан мемлекеттік саяси қызметшілерді және осы Тәртіптің 2.4-тармағына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері тағайындауға жол беріледі.

2.21 Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің шешімімен Республикалық комиссия құрылады, оның құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Ғылым және Жоғары білім қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

2.22. Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді, оның қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына тағайындалуға кандидат көпшілік дауыспен айқындалады.

Дауыстар тең болған кезде республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

2.23 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, республикалық комиссия отырысының әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда онлайн режимде жүзеге асырылады.

2.24 Конкурстың нәтижелері туралы Республикалық комиссия кандидаттарға ашық дауыс беруден кейін хабарлайды.

2.25 Республикалық комиссияның отырысына конкурс өткізу кезінде Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына орналасуға кемінде екі кандидаттың материалдары ұсынылады.

Егер Директорлар кеңесі ұсынған кандидат(тар) конкурсқа қатысудан бас тарту туралы өтініш берсе, конкурс өтпеді деп танылады және Қоғамның Директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды.

2.26. Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына кандидатты анықтамаса, онда конкурс өтпеді деп танылады, ал Директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды.

2.27. Республикалық комиссияның хаттамасы, комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушының құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген адамдардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің кадр қызметінде сақталады.

2.28. Республикалық комиссияның шешімі (хаттамасы) Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) үшін негіз болып табылады.

Республикалық комиссия қабылдаған Басқарма Төрағасы-Ректордың кандидатурасы бойынша оң шешімнің негізінде уәкілетті орган Жалғыз акционер ретінде Басқарма Төрағасы-Ректорды тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

2.29 Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін (егер мерзім белгіленген болса) тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады, тоқтатылады (бұзылады) немесе Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

3. Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау.

3.1 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау уәкілетті органның Жалғыз акционер ретіндегі айрықша құзыретіне жатады.

3.2 Жалғыз акционер академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның тәртіптік жауаптылығы туралы мәселелерді қарау тәртібін дербес айқындайды.

3.3 Жалғыз акционер қабылдаған оң шешім негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасасады.

3.4 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер айқындаған мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.

3.5 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін академиялық мәселелері бойынша Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымының сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

3. Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (Басқарма Төрағасы-Ректорды және академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда).

4.1 Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы-Ректор мен академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

4.2 Басқарма мүшелерін сайлау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурстарда жариялау;
- Басқарма мүшелерінің лауазымдарына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда);
- Басқарма мүшелерінің лауазымдарына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда), әңгімелесу өткізу және Директорлар кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

4.3 Директорлар кеңесі өз отырысында Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын айқындайды және Басқарма мүшелерінің лауазымдарына конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізудің шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

4.4 Қоғамның Басқарма мүшелері лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) бұқаралық ақпарат құралдарында (уәкілетті органның және қоғамның интернет-ресурсында) конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

4.5 Басқарма мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- 2) білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

4.6 Конкурсқа осы Тәртіппен көзделген талаптарға сәйкес келетін шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдірушілер қатысады.

4.7 Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық тасығышта келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 өлшемді түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері:

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны бойынша (қолданыстағы не соңғы) кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

б) құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау

ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды);

7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда конкурсқа қатысушылар 7, 8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 4.7-тармағына сәйкес құжаттарды Корпоративтік хатшыға осы Тәртіптің 4.4-тармағында айқындалған мерзім ішінде ұсынады.

4.8 Конкурсқа қатысуға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар, сондай-ақ зейнеткерлік жастағылар;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар;
- 4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

4.9 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды қабылдауды және дайындауды жүзеге асырады;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс арқылы өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыс барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейнежазбаның электрондық жеткізгіште сақталуын қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беруді бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) Қоғамның Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына Директорлар кеңесі сайлаған кандидаттардың тізімін қалыптастырады .

4.10 Директорлар кеңесі құжаттарды осы Тәртіптің 4.5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды және жеті жұмыс күні ішінде Басқарма мүшелерінің (академиялық

мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткерлермен әңгімелесуді жүзеге асырады.

4.11 Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды болып саналады.

Кандидаттардың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

4.12 Басқарма мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен БКБ режимінде әңгімелесу өткізу бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге жол беріледі.

4.13 кандидаттың Басқарма мүшелері(академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу жөніндегі директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі болмаған кезде БКБ арқылы әңгімелесу басқа күнге, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ауыстырылады, бұл ретте корпоративтік хатшы кандидатты қайта әңгімелесуден бір күн бұрын хабардар етеді.

4.14 Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу нәтижелері бойынша жасырын дауыс беру арқылы Басқарма мүшесінің лауазымына кандидатураны көпшілік дауыспен айқындайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі, өзге де тең жағдайларда, Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негіз болып табылады.

4.15 егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін Басқарма мүшесі лауазымына екіден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса не құжаттар (конкурстық өтінімдер) келіп түспесе, кері қайтарылып алынса немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар кеңесі конкурсты өткізілмеген деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, Директорлар кеңесінің оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген адамдардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары корпоративтік хатшыда сақталады.

4.16 әңгімелесу қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін(академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда)сайлау туралы, 3 жылдан аспайтын өкілеттік мерзімі туралы шешім қабылдайды.

4.17 Директорлар кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

4.18 Басқарманың әрбір мүшесімен (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) еңбек шарты Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

4.19 еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін Басқарма мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес келмеген жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

Совет директоров некоммерческого акционерного общества «Рудненский индустриальный университет», 111500, Костанайская область, г. Рудный, ул. 50 лет Октября, 38, объявляет конкурс на занятие вакантной должности председателя правления-ректора некоммерческого акционерного общества «Рудненский индустриальный институт», расположенного по адресу: г.Рудный, улица 50 лет Октября, 38.

Основным предметом деятельности является предоставление образовательных услуг в сфере высшего и послевузовского образования.

Целью деятельности является создание необходимых условий для получения качественного образования, обучения и преподавания, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики, а также для развития научного потенциала и коммерциализации разработок.

Требования к участникам конкурса:

1) наличие ученой степени кандидата или доктора наук, степени доктора философии (PhD) или доктора по профилю, ученого звания (предпочтительно);

2) профессиональный опыт не менее 10 лет, в том числе не менее 5 лет на руководящих должностях в сфере образования и науки;

3) знание организации образовательной и научно-инновационной деятельности, принципов организационного менеджмента, государственной политики по формированию казахстанского патриотизма, воспитанию подрастающего поколения;

4) наличие навыков стратегического планирования, цифровизации бизнес-процессов, фандрайзинга и привлечения инвестиций;

5) лидерство, креативность, инновационность, критическое мышление, нетерпимость к правонарушениям;

6) владение казахским и русским, английским (предпочтительно) языками;

7) наличие сертификатов повышения квалификации в области менеджмента и корпоративного управления в сфере науки и высшего образования.

Предпочтительно наличие сертификатов (свидетельств) по повышению квалификации по основным направлениям деятельности высшего учебного заведения.

Не может принимать участие в конкурсе лицо:

1) моложе двадцати пяти лет;

2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

3) имеющее непогашенную или неснятую судимость;

4) состоявшие на учете в медицинских специальных учреждениях;

5) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет следующие документы:

1) заявление в установленной форме;

2) копию документа, удостоверяющего личность участника конкурса;

3) копии документов об образовании и приложений к ним, в т.ч. копии документов о присвоении ученой степени кандидата или доктора наук, степени доктора философии (PhD) или доктора по профилю, а также копии документов, подтверждающих наличие ученого звания (предпочтительно) с представлением оригиналов для сверки:

- к копиям документов об образовании, полученным гражданами Республики Казахстан в зарубежных организациях образования прилагаются копии удостоверений о признании или нострификации данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования, за исключением документов об образовании, выданных зарубежными высшими учебными заведениями, научными центрами и лабораториями гражданам

Республики Казахстан – обладателям международной стипендии «Болашак», а также подпадающих под действие международного договора (соглашения) о взаимном признании и эквивалентности;

- к копиям документов об образовании, выданных обладателям международной стипендии «Болашак» прилагается копия справки о завершении обучения по международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашак», выданной акционерным обществом «Центр международных программ»;

- к копиям документов об образовании, подпадающих под действие международного договора (соглашения) о взаимном признании и эквивалентности прилагаются копии справок о признании данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования;

4) послужной список участника конкурса с цветной фотографией размером 3x4 по форме в установленной формк;

5) копию документа, подтверждающего трудовую деятельность, удостоверенная кадровой службой по месту (действующему либо последнему) работы;

6) копии сертификатов о повышении квалификации в области менеджмента и корпоративного управления в сфере науки и высшего образования с представлением оригиналов для сверки;

7) копии сертификатов (свидетельств) о повышении квалификации по основным направлениям деятельности Общества (предпочтительно);

8) копии документов о повышении квалификации, характеристики, рекомендации, научные публикации и иные сведения, характеризующие знание организации образовательной и научно-инновационной деятельности, принципов организационного менеджмента, государственной политики по формированию казахстанского патриотизма, воспитанию подрастающего поколения; подтверждающие владение навыками стратегического планирования, цифровизации бизнес-процессов, фандрайзинга и привлечения инвестиций, а также наличие таких качеств, как лидерство, креативность, инновационность, критическое мышление, нетерпимость к правонарушениям.

9) медицинскую справку о состоянии здоровья (врачебное профессионально-консультативное заключение) по форме № 075/у, выданная не более чем за шесть месяцев до дня представления документов;

10) справку с психоневрологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов, в соответствии с законодательством о государственных услугах;

11) справку с наркологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов в соответствии с законодательством о государственных услугах;

12) документ, подтверждающий отсутствие запрета на занятие должности в соответствии с уголовным законодательством;

13) программу развития высшего учебного заведения.

Содержание программы развития Общества должно включать:

1) миссию, видение по основным направлениям развития Общества на 5 лет, ценности и перспективы развития Общества в соответствии с утвержденными документами Общества и соблюдением государственных интересов и задач (национальные и региональные проекты, концепции, поручения Главы государства);

2) анализ текущего состояния по реализации утвержденных документов Общества (указать два-три приоритетных направления (целей) развития и достижение индикаторов и показателей по ним);

3) основные вызовы, с которым сталкивается и (или) может столкнуться Общество и предложения решения по ним (анализ реализации стратегии за прошлый период, проблемы, преюмственность решений);

4) ожидаемые результаты и достижения от реализации программы развития Общества, предлагаемой участником конкурса.

Программу развития Общества следует оформить в виде презентации, объем которой не превышает 10 слайдов в формате Power Point.

Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение 10 (десяти) календарных дней со дня опубликования объявления.

Дата и место проведения конкурса будут сообщены дополнительно. Вышеуказанные документы в установленные сроки необходимо представить в Комитет высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (каб.643), телефоны 8(7172) 74-24-26, 74-27-25

111500, Қостанай облысы, Рудный қаласы, 50 лет Октября көшесі, 38, «Рудный индустриялық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Рудный қаласы, 50 лет Октября көшесі, 38 мекенжайында орналасқан «Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы-ректоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамытуға және әзірлемелерді коммерцияландыруға бағытталған сапалы білім алу, оқу және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының (артықшылық) болуы;
- 2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл тәжірибесі;
- 3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуі;
- 4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;
- 5) көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік қасиеттерінің болуы;
- 6) қазақ және орыс, ағылшын (артықшылық) тілдерін меңгеруі;
- 7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

Жоғары оқу орны қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн.

Конкурсқа келесі тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар;
- 4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, оның ішінде ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесін, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ ғылыми атағының болуын растайтын құжаттардың (артықшылығы бар) көшірмелері:

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың

көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

4) белгіленген нысанда өлшемі 3×4 түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

5) жұмыс орны бойынша (қолданыстағы не соңғы) кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері;

7) Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) көшірмелері (артықшылық);

8) біліктілікті арттыру туралы құжаттардың, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуді сипаттайтын өзге де мәліметтердің; стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларын меңгергендігін, сондай-ақ көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік сияқты қасиеттердің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

9) құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды);

10) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

12) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

13) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы.

Қоғамды дамыту бағдарламасының мазмұны келесілерді қамтуы тиіс:

2) Қоғамның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттердің сақталуына (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) сәйкес Қоғам дамуының 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша миссиясын, пайымын, Қоғам дамуының құндылықтары мен перспективаларын;

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам алдында тұрған және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және олар бойынша шешімдер ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау,

проблемалар, шешімдердің сабақтастығы);

4) конкурсқа қатысушы ұсынатын Қоғамды дамыту бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамды дамыту бағдарламасы презентация түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспау керек.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне (каб.643) ұсыну қажет, телефондары 8(7172)74-24-26, 74-27-25.

(уполномоченный орган)

Заявление

Прошу допустить меня к участию в конкурсе на занятие вакантной должности
Председателя Правления-Ректора _____

С основными требованиями Порядка отбора и назначения Советом директоров
на должность Председателя Правления-Ректора ознакомлен(а), согласен(на) и
обязуюсь их выполнять.

Отвечаю за подлинность представленных документов.

Прилагаемые документы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Адрес и контактный телефон _____

(подпись)

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

« ____ » _____ 20__ г.

(уәкілетті орган)

Өтініш

Мені Басқарма Төрағасы-Ректордың бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын _____

Директорлар кеңесінің Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына іріктеу және тағайындау тәртібінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мекен-жайы және байланыс телефоны

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

« _____ » _____ 20__ ж.

ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК

кандидата на должность первого руководителя организации образования

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /
 фамилия, имя, отчество (при наличии)

ФОТО
 (түрлі түсті/
 цветное, 3x4)

лауазымы/должность, санаты/категория
 (болған жағдайда/при наличии)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/
 Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауы бойынша)/
 Национальность (по желанию)

3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/
 Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) /
 Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі/
 Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) /
 Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) /
 Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)
 /Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/ Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации
қабылданған/приема
босатылған/увольнения

Кандидаттың қолы/
Подпись кандидата

күні/дата
